

v.v.). Omsk, 1998, S. 146.

20. CDNI VKO. F. 74. Op. 1. D. 420. L. 5-6.

21. Remizov A.V. Omskij kraeved A.N. Sidel'nikov – issledovatel' Stepnogo kraja. //Stepnoj kraj: zona vzaimodejstvija russkogo i kazahskogo narodov (XVIII - XX v.v.). Omsk, 1998. – S. 129.

22. CDNI VKO. F. 74. Op. 1. D. 183. L. 16.

ӘОЖ: 94 (574)

ҒТАМР: 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.02>

Б.А. Аманиязова<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Ақтөбе қ., Қазақстан

E – mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ЖЕТІСТІКТЕР МЕН ЖАҢА МАҚСАТТАР

*Аңдатпа*

Мақала Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне отыз жылдығына орай жазылған. Осы отыз жыл ішінде Қазақстан жеткен жетістіктер мен алға қойылған мақсат, міндеттер туралы айтылды. Мақаланы жазу барысында Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, Президент Қ.Ж. Тоқаевтың мақалалары пайдаланылды. Ел өмірінде қандай елеулі оқиғалар болды, отыз жыл бұрын Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік, отыз жыл ішінде қандай қойылған міндеттерді атқардық, осы мәселелерге қысқаша шолу жасалынды. Ендігі төртінші онжылдықта еліміз қандай болады, неге басты назар аударылады деген сұрақтарға жауап ізделінді. Халықты еститін мемлекетті қалай құрамыз, Президент қалаған әділетті мемлекет дегеніміз қандай мемлекет, тарихтағы ақ таңдақтарды қалай ашамыз, тарихқа жаңаша көзқарасты қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті бекіту, рухы бір, тілі бір ұлт қалыптастыру сияқты идеялары. Төртінші онжылдықта Президенттің алға қойған мақсаты қуатты мемлекет жасау, халықтың әлеуметтік жағдайын көтеру. Ел экономикасынан олардың игілік көруі. Бірақ оның бәріне Президент жалғыз жетпейді, «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген ұран әр қазақстандықтың жүрегінде, тілегінде болуы керек. Білек сыбана, бірлесе ел игілігі үшін қызмет еткенде ғана Тәуелсіздігіміз баянды болмақ. Бабалар аңсаған асқақ арман мәңгілік болып қалмақ.

**Кілт сөздер:** тәуелсіздік, жетістік, мемлекет, мәңгілік, бірегейлік, отыз жылдық, жолдау.

Аманиязова Б.А.<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова, преподаватель

г. Ақтөбе, Казахстан

E – mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)

## НЕЗАВИСИМЫЙ КАЗАХСТАН: ДОСТИЖЕНИЯ И НОВЫЕ ЦЕЛИ

*Аннотация*

Статья посвящена тридцатилетию Независимости Республики Казахстан. За эти тридцать лет были достигнуты успехи и поставленные новые цели, задачи. При написании статьи были использованы послания Первого Президента Нурсултана Абишевича Назарбаева народу Казахстана, статьи Президента Касым-Жомарта Кемеловича Токаева. За тридцать лет какие значимые события произошли в жизни страны, как мы добились независимости тридцать лет назад, какие новые задачи ставим перед собой, был сделан краткий обзор этих вопросов. Теперь уже в четвертом десятилетии мы ищем ответы на вопросы, каким будет наша страна в будущем, к чему будет уделяться основное внимание и ставим новые цели: как мы будем строить «слышащее государство», какое будет справедливое государство, как мы открываем белые пятна в истории, как мы формируем новый взгляд на историю, закрепляем национальную идентичность, создаем единую по духу и языку нацию. В четвертом десятилетии цель,

которую поставил Президент - создание сильного, развитого государства, повышение социального положения населения, духовный рост. Эту сильную страну мы будем создавать вместе.

**Ключевые слова:** *независимость, достижение, государство, вечность, идентичность, тридцатилетие, послание.*

*B.A. Amaniyazova<sup>1\*</sup>*

<sup>1</sup>*Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, teacher*

*Aktobe, Kazakhstan*

*E – mail: [baqdaqul-1977@mail.ru](mailto:baqdaqul-1977@mail.ru)*

## INDEPENDENT KAZAKHSTAN: ACHIEVEMENTS AND NEW GOALS

### *Abstract*

The article is dedicated to the thirtieth anniversary of independence of the Republic of Kazakhstan. They spoke about the achievements and goals that Kazakhstan has achieved over the past thirty years. When writing the article, the message of the first president N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan, articles of President K. zh.Tokayev were used. What significant events took place in the life of the country, how we achieved independence thirty years ago, what tasks we have accomplished over thirty years, and a brief overview of these issues was given. The answers to the questions of what our country will look like in the fourth decade, why the main attention will be paid to it. How to build a state that hears the people, what is a just state that the president wants, how to reveal the White choice in history, the formation of a new vision of history, the consolidation of national identity, the formation of a nation with the same spirit and language. In the fourth decade, the President's goal is to create a strong state and improve the social situation of the population.

**Keywords:** *independence, achievement, state, eternity, identity, thirtieth, anniversary, message.*

**Кіріспе.** Тәуелсіздік - кез келген мемлекеттің басты байлығы. Әр халық тәуелсіздікке түрлі жолмен жетеді, төңкерістер, соғыстар, ұлттық азат ету қозғалыстары арқылы жетіп жатады. Қазақстан үшін 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы халықтың тәуелсіздікке ұмтылысының басы болды. 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. Биыл біз «Қазақстан Республикасы» деп аталатын егемен мемлекеттің Тәуелсіздігінің 30 жылдығын тойлағалы отырмыз.

Қазақстан Тәуелсіздік жылдарында халықаралық сахнада белгілі, дамыған, гүлденген елге айналды. 2021 жыл Президентімен Тәуелсіздіктің 30 жылдығы деп жарияланды.

**Өзектілігі:** Тәуелсіздіктің 30 жылында жеткен Қазақстанның жетістіктерін көрсету, Қазақстанның мемлекеттілігі, Қазақстан халқының бірлігін сақтау, нығайту үшін жасалып жатырған игі істерді айту, жастардың отан сүйгіштік сезімін күшейту.

1991 жылдың аяғында көптеген одақтас республикалар өз тәуелсіздігін жариялап үлгерді. Кеңес Одағы деген алып мемлекеттің орнында он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды: Әзірбайжан, Армения, Беларусь, Грузия, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Ресей Федерациясы, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан, Украина, Эстония.

Бұл біздің ұлы мақсаттарымыздың бірі болатын. Тәуелсіз елде еркін өмір сүру бабалар аңсаған асыл армандардың бірі болатын. 1991 жылдың 16 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылданып, Қазақстан дербес даму жолына түсті. Отанымыз, тарихымыз, өмірімізге жаңаша қарап, жаңғырта бастадық.

Конституциялық Заң қабылданғаннан кейін президент пен үкімет алдында елдегі экономикалық және саяси жағдайды қалыпқа келтіру міндеті тұрды. Тәуелсіздікті нығайту үшін мемлекеттік нышандарды бекіту, жеке институттарды жасау, жеке ұлттық валютаны айналымға қосу, азаматтардың әлеуметтік экономикалық ахуалының төмен түсірмеу сияқты күрделі міндеттер атқарыла бастады.

**Мақсаты мен міндеттері:** 30 жылдық қарсаңында да Қазақстан халқы алдында үлкен міндеттер тұр. 30 жылдық өткенге көз жүгіртіп, болашаққа бағдар құратын, болашақты жоспарлайтын кезең. Осыған орай мақалада өткенімізден тәлім алып, болашаққа алып барар жақсы нәтижелерді көрсету, елдің болашағы жастарға тәрбие беру мақсаты көзделген.

**Материалдар мен әдістемесі.** Мақаланы дайындау кезінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіз жылдарындағы жеткен жетістіктері жазылды. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың, Президент Қ.Ж. Тоқаевтың жолдауларында қойылған мақсат-міндеттер назарға алынып, талданды.

Қазақстан жастары сол 30 жылда жеткен жетістіктерден тәлім алып, еліміздің абыройын одан әрі асқақтатады деп ойлаймын. Қазақстанға білімді, білікті мамандар әлі де болса қажет. Бүгінгі білім алып жатқан жастар – ертең ел тізгінін ұстайтын қайраткерлер, саясаткерлер, басшылар. Өскелең ұрпаққа тәлім, тәрбие беретін педагогтар. Олардың жан-жақты, білімді, білікті болуы бәсекеге қабілетті елдің болашағы үшін маңызды.

**Негізгі бөлім.** Тәуелсіздік алғанға дейін Қазақстанның болашақтағы көп векторлы стратегиясын анықтаған саяси шешімдер де қабылданған болатын. Оның ішінде ең маңыздысы 1991 жылғы 29 тамыздағы әлемдегі ядролық қару қоры бойынша төртінші орында тұрған Семей ядролық полигонын жабу туралы Президент жарлығы болатын. Бұл әлемге Қазақстанның бейбітшілікті қалайтын, ядролық қаруды қолдамайтын қауіпсіз мемлекет екенін паш етті. Қазақстанның бастамасын қолдаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының 2009 жылғы 2 желтоқсандағы алпыс төртінші сессиясы бір ауыздан 64/35 резолюция қабылдап, 29 тамызды ядролық жарылыстарға қарсы халықаралық күрес күні деп жариялады. Көпұлтты елде азаматтық тұрақтылық пен ұлт аралық келісімді қолдау үшін «Қазақстан халықтарының Ассамблеясы» құрылды. 12 желтоқсанда Президент жарлығымен Қазақстанда 1986 жылы 17-18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтар ақталды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) толыққанды мүшесіне айналды, сонымен қатар Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының (ЕҚЫҰ), Шанхай ықпалдастық ұйымының (ШОС), Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (ТМД), Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭС) және басқа да ұйымдардың мүшесі. ЕҚЫҰ Саммитінің үзіліс жасап қайта өтуі – Қазақстанның аталмыш ұйымға төрағалығының нәтижесі еді. Саммит қорытындысы әлемдік саясатқа «еуразиялық қауіпсіздік», «Астана рухы» сияқты ұғымдары арқылы қауіпсіздік пен біріге жұмыс жасаудың жаңа түсінігін әкелді. Түрлі діни конфессиялардың диалог құрып, бейбітшілікті дәріптеуге шақырды.

1994 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі саяси және экономикалық мүддеден шыға отырып, астананы көшіру туралы шешім қабылдады. Бұл тарихи шешім еді. Қазақстанның жаңа бас қаласының еліміздің қақ төрінен бой көтеруі Тұңғыш Президенттің теңдесі жоқ жобасы болатын. Астана (қазір Нұр-сұлтан) Тәуелсіз Қазақстанның мақтанышы. Нұр-Сұлтан – ұлттық идеяның жүзеге асуы, соның нақты көрінісі. Аз ғана уақыттың ішінде Қазақстанды әлемге танытқан әдемі қала ЮНЕСКО-ның «Бейбітшілік қаласы» марапатына ие болды.

Бүгінде Қазақстан 18,8 млн халқы бар көп ұлтты мемлекет. Экономикалық әлеуеті жоғары қарқынды дамып келе жатқан, «Тыңдайтын мемлекет» тұжырымын шындыққа айналдыруға ұмтылған, қоғамға есеп беретін кәсіби мемлекетке айналуы көздейді. Елдегі реформаларға қарамастан, инфрақұрылымды дамыту, жерлерлі игеру, орталықтар, облыстар мен өңірлердің қуатын арттыру, шикізат экономикасынан жедел «жасыл», инновациялық экономикаға өту, сауда экономикалық өкілдіктер мен халықаралық жобаларда өз әлеуетін толық ашу сияқты нәрселерді бекіту керек. Қазақстан аумақта көшбасшы позициясында тұр, егер тиімді әрекеттер мен шараларды қабылдай алса, бәсекеге қабілетті экономикасы бар он мемлекеттің қатарына енуге үлкен мүмкіндігі бар. Тәуелсіз Қазақстан 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясында көрсетілген жеті басымдықты іске асыруға күш салып жатыр. Олар: ұлттық қауіпсіздік, саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы, Қазақстанның әр азаматының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты, энергетика қорлары, инфрақұрылым, оның ішінде байланыс пен көлік, кәсіби мемлекет. Елбасы 2030 жылы ұрпағымыз әлемдік оқиғалардан тысқары қалмайтын, жан-жақсы дамыған елде өмір сүреді. Олар өмір сүретін Қазақстан Қытай, Ресей және Мұсылман әлемінің мәдениеті мен экономикасын байланыстыратын буын болады деген болатын. Осы идея қазақ елін нақты мақсаттар қойып, соларға жетуге көмектесіп келеді. Қазір біз тәуелсіздік пен еркін өмірдің маңызы мен алғашқы нәтижелерін айқын сезіне аламыз.

Экономикалық саясаттың басым бағыттарының бірі – агро өнеркәсіптік кешен. Осы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру керек. Бәсекеге қабілеттілік мәселесін шешу мақсатында түрлі шаралар қабылданып жатыр, агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамыту тұжырымдамасы іске асырылып, ауыл шаруашылық саласына мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатыр. Қабылданып жатырған шаралардың ішіндегі ең маңыздысы – халықты азық-түлікпен толық қамту, аграрлық саланы экспортқа бағдарлау. Елбасының 2011 жылғы Жолдауында «біз әр кезде еліміз үшін екі мәселені шешетін боламыз, біріншісі – азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, екіншісі – экспортты әртараптандыру» [1, 4], - деп атап өткен еді. Осыны жүзеге асыру үшін Үкімет агроөнеркәсіп кешенін дамыту үшін күш салатын болады. Бұдан он

жыл бұрын Үкімет осы кешенді дамытудың бес жылдық жоспарын әзірлеп, талқылаған еді. Сол кезеңде ауыл шаруашылық саласының 65 секторы талданып, мемлекет аумағында және одан тысқары өнімдерді шығару үшін перспективалы 8 бағыт таңдалып алынған болатын. Олар: 1) астық және одан өңделген өнімдерді экспорттау; 2) ет және ет өнімдерін экспорттау; 3) сүт және сүт өнімдері; 4) май өнімдері; 5) құс шаруашылығы; 6) көкөніс пен жеміс-жидек саласы; 7) ақ қант пен қант қызылшасын өндіру; 8) жұқа тері өндіру.

Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық қарсаңында ауылды өркендету болашағын осылай көрген еді. Сол кезеңде 2014 жылы аграрлық саладағы еңбек өнімділігін екі есеге, 2020 жылға қарай төрт есеге арттыру міндеті қойылған болатын. Сонымен қатар тамшылатып суғару технологиясымен жеміс-көкөніс өнімдері өндіруді арттыру, етті бағыттағы құс шаруашылығын дамыту, технологиясы дамыған ет комбинаттарын іске қосу, қазақстандық астық экспортын сапасын жоғарылату үшін қуатты элеваторлар мен сақтайтын термналдарды дамыту, қосымша құны жоғары бәсекелесе алатын өнімдер шығару міндеттері әлі де өзектілігін жойған жоқ.

30 жылда Қазақстан көптеген жетістіктерге жетті, жеткен табыстар бұдан да ауқымды, салмақтырақ болуы керек еді. Екі модернизация жүзеге асырылды. Біріншісі жаңа мемлекеттің қалыптасу кезеңі, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтуді, саяси және экономикалық жүйенің дамуын қамтыды. Екінші модернизация «2030 стратегиясын» қабылдау кезеңі мен жаңа экономикалық өсумен қатар жүрген астананы көшіру стратегиялық шешімнің қабылдануын қамтыды. Қазір біз үшінші модернизацияны бастан өткеріп жатырмыз. Бес бастапқы міндеттерді жүзеге асыруымыз керек: технологиялық модернизация; бизнес-ортаны түбегейлі өзгерту және кеңейту; макроэкономикалық тұрақтылық; адам капиталының сапасын арттыру; қауіпсіздік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес. Биылғы жыл ел Президенті атап өткендей той-думанның, пафосқа толы жай шаралардың емес, нақты іс-әрекеттермен, жобалармен есте қалатын жыл болады. Мерейлі жыл экономикалық және саяси реформалар, цифрландыру, балалар мен мүгедектердің құқықтарын қорғау, экология мәселелерін шешу жылы болады. Бұл өз уақытында және даналықпен қабылданған шешім, тарихи күндерді идеялық тұрғыдан атап өту өте маңызды.

Бар мемлекет сияқты Тәуелсіз Қазақстан да халқының әл-ауқатының жоғары болғанын, заманауи технологияға негізделген дамыған экономикасы бар, сыртқы саясатта тең құқықты қарым-қатынасқа түсе алатын мемлекет болуға ұмтылады. Тәуелсіздік өте нәзік нәрсе, оны қорғау, сақтау барлық азаматтың борышы екенін ұмытпау керек.

«Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» [2, 6].

Ендігі 4 онжылдықтағы ұлттық дамудың басты мақсаттары – өз тарихымызды саналы қабылдау, шынайы бағалау, мемлекеттік тілдің әлеуметтік қорын кеңейту механизмдері, жер мәселесі, Отан сүйгіштіктің жаңа қырлары, ұлттық бірегейлікті нығайту. Бұл сұрақтар өзара тығыз байланысты және елдің болашағы үшін маңызға ие. Тәуелсіздіктің басында қабылданған «алдымен экономика, сосын саясат» формуласы өз міндетін атқарып болды. Бүгінгі шындықтың қалауы – ұлт ретінде даму үшін идеялық негіздерді анықтау болып отыр [3, 5]. Ел президенті біздің алға қозғалуымыздың басты мақсаттарының бірі халық алдында жауап беру қағидасына негізделген қуатты және тиімді мемлекет болуы керек деп атап өтті.

Жауапты болу қағидасыны толыққанды «естуші мемлекетті» жүзеге асыруды, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы сенімнің жоғары болуын, азаматтық құқықты қамтамасыз етуді, барлық азамат үшін тең мүмкіндіктер беруді көздейді. Бұл жерде саяси саланы либералдауға көңіл бөлініп отыр. Бірқатар шешімдер қабылданды. Оның ішінде партиялар, митингтер мен сайлау туралы заңдарға өзгеріс енгізілді. Ауыл әкімдерін сайлау өтейін деп жатыр. Бұл маңызды қадам деп ойлаймын. Себебі бұл жергілікті басқаруды жетілдіруге, әр азаматқа өзі тұратын жерде өзін қожайын ретінде сезінуге мүмкіндік береді. Біздің ел үшін маңызды әрі бастапқы факторлардың бірі азаматтардың әлеуметтік қанағаттануы болып табылады. Себебі адамдардың өмір сүру сапасын жоғарылатпай, елдің жеткен жетістіктері мен халықаралық табыстары туралы мақтану артық болар еді [4].

Тағы бір Президент алға қойған маңызды стратегиялық мақсаттардың бірі – қазақстандық ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің жоғары деңгейіне жету. Бұл тез өзгеріп отырған талаптарға жедел бейімделу, адами және әлеуметтік капиталды арттыру, сапалы жетілдіру, азаматтық позицияны, Отан сүйгіштікті көрсету, білімділік, дені сау прагматизм, ел тағдыры үшін жауапты болу дегенді білдіреді. Ұлт сапасы оның азаматтарының сапалығынан тұрады. Сондықтан елімізде талантты жастарды қолдау керек. Ұлттық

бірегейлік «жоғарыдан» берілетін нәрсе емес, оны қалыптастыру керек. Оны қалыптастыру процесінде мемлекет белсені қатысуы керек. «Естуші мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асырған екі жыл ішінде қазақстандықтардың құндылықтарын анықтап, жүйелене бастады десе де болады. Міне солар жаңа ұлттық бірегейліктің негізіне айналады [5]. Ұлттық бірегейлікті жасау үшін қалыптасқан қоғамдық сананы түбегейлі өзгерту қажет емес. Қазіргі қазақстандықтар бұдан 30, 20, тіпті 10 жыл бұрынғы отандастары-мыздан ерекшеленеді. Қоршаған органы, сол ортадағы өз орнын түсіну өзгерді, мүмкіндіктер мен мақсаттарды құндылықтар пайда болды, Біз көпұлтты мемлекет пен көпдінді қоғам ретінде бірігуде үлкен тәжірибе жинадық[6]. Біздің бөлісеріміз бен үйренеріміз көп. Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласында «модернизация жаңа құндылықтар үшін өткенімізден бас тарту емес. Шын мәнінде ұлттық мұрамызды адамзаттың ең жақсы заманауи жетістіктері арқылы сақтау мен байыту болып табылады» деген еді [7]. Жаңа ұлттық бірегейліктің жүйе құратын өзегі қазақ халқы, бірақ ол оны өзге ұлттармен етене араласа отырып жасайды. Бұл біздің ерекшелігіміз және нақты артықшы-лығымыз. Ұлттық бірегейліктің айнымас компоненті ана тілі болып табылады. Тіл-халықтың жаны. Ал халық даналығы кемедегінің жаны бір демей ме?!

**Қорытынды.** Тарихи түбірімізді анықтау, ұлттық тарих беттеріндегі ақ таңдақтарды зерттеу Тәуелсіздіктің отыз жылында да өз маңызын жойған жоқ. Тарихымызға жаңаша көзқарас тұрғысынан қарай бастадық. Ғылыми тұрғыдағы «тарихи түгендеу» табиғи процесс. Себебі онсыз тарих ғылымы дамымаған болар еді. Әрбір жаңа зерттеу бізге жаңа деректерді ашады, белгісіз оқиғаларды көрсетеді. Біздің тарих тарихи сәттерден ғана тұрған жоқ. Өткенге көз жүгіртсек түрлі жеңістер мен белгілі жетістіктердің болғанын байқаймыз. Сондықтан өзімізді құрбан етіп көре берудің де дұрыс емесін мойындауымыз керек. Тарихи өзіндік санамызды қалыптастыруда оның өз кедергісі бар деп ойлаймын.

Тарихты зерттеу кезінде ежелгі заманға көп назар аударамыз. Қазіргі жастар ата-анасы куә болған процестерден гөрі қазақ хандары туралы мәліметтерді молырақ біледі. Ал өткен отыз жыл уақыт біздің халықтың басынан өткен ең маңызды кезеңдердің бірі. Сол себептен жаңа тарихты зерттеуге, зерделеуге, насихаттауға көп көңіл бөлу керек. Ол тарих ұлттық мүдде тұрғысынан қаралып жазылуы тиіс.

Отыз жылды еңсердік. Талай белестерді бағындырдық. Ендігі төртінші онжылдықтың бізге артқан міндеті қуатты мемлекетке айналу, қазіргі заманда өмір сүре білетін ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз керек. Бұл тұтас халықтың болашақ алдындағы міндеті, оның ішінде өскелең ұрпақты білім, ғылым нәрімен сусындататын тәрбиешілер, ұстаздар, оқытушылар алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі.

Әділетті, халықты еститін мемлекет құруды жоспарлап отырымыз. Бірақ халықтың әл-ауқатын, олардың материалдық жағынан жақсы өмір сүруін жақсарта алмасақ ел ретінде халықаралық сахнада жеткен жетістіктеріміздің ешқандай мәні жоқ екенін түсінуіміз керек. Жер асты мен үстіндегі ел байлығының игілігін, қарқындап дамып келе жатқан ел экономикасының жақсылығын көрсету - ел Президентінің алға қойған мақсаты. Біздің халықтан артық байлығымыз жоқ. Әділетті мемлекеттің басты мақсаты тұрғындарды әлеуметтік тұрғыдан жағдайын жақсарту, олардың мүддесін мүлтіксіз қорғау болуы керек. Сол қасиетті ұғымды болашақ ұрпақтың санасына ендіре алу.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы. – Алматы: Раритет, 2011. – 280 бет
2. Егемен Қазақстан тарихы: тәуелсіздікке 20 жыл [Мәтін]: тарихи-құжаттық зерттеу/ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Мемлекет тарихы институты; құраст.: Б. Ғ. Аяған, Х. М. Әбжанов, Г. Р. Нұрымбетов. – Алматы: Раритет, 2011. – 395 бет
3. Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігінің жиырма жылдығы декларациясы. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2012. – 176 бет+8 бет түрлі түсті суретті жапсырма.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Жолдау. – Астана, 28.01.2011.
5. Тоқаев Қ-Ж. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан. – Астана, 2020.
6. Тоқаев Қ-Ж. Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Мақала. – Астана, 2021.
7. Төлепберген Б. Ұлттық идея-тәуелсіздік тұғыры: Ғылыми-танымдық талдаулар мен публицистикалық толғаулар. – Алматы, 2016. – 240 бет.

#### *References:*

1. Ğabitov T.H. Qazaq filosofiiasy. – Almaty: Raritet, 2011. – 280 bet

2. Egemem Qazaqstan tarihy: täuelsizdikke 20 jyl [Mätin]: tarihi-qūjattıyq zertteu/ Qazaqstan Respublikasy Bilim және ғылым ministrligi, Memleket tarihy instituty; qūrast.: B.G.Aiağan, H.M.Ābjanov, G.R.Nūrymbetov. - Almaty: Raritet, 2011.- 395 bet

3. Qazaqstan Respublikasy memlekettik täuelsizdiginıñ jıyrma jylıdyǵy deklaraciiasy. Almaty: «Qazaq enciklopediiasy», 2012. – 176 bet+8 bet türlı-tüsti suretti japsyrma.

4. Nazarbaev N.Ā. Bolaşaқтыñ irgesin birge qalaimyz. Joldau. – Astana, 28.01.2011.

5. Toqaeв Q.-J. Abai және XXI ғасырдағы Qazaqstan. – Astana, 2020.

6. Toqaeв Q.-J. Täuelsizdik bärinen qymbat. Maqala. – Astana, 2021.

7. Tölepbergen B. Ūlttyq idea - täuelsizdik tüǵyry: Ǵylymi-tanymdyq taldaular men publicistikalyq tolǵaular. – Almaty, 2016. – 240 bet.

ӘОЖ 930.22  
МРНТИ 03.20

<https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-5461.03>

Khazretali Tursun <https://orsid.org/0000-0001-9950-7212>

Ж.Дюсембаева<sup>1</sup> \*, Б.А. Жамелов<sup>2</sup>, Х.М. Тұрсун<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты.

E-mail: [kzhadyra@gmail.com](mailto:kzhadyra@gmail.com)

Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің докторанты.

E-mail: [zhamelov\\_b@fmsh.nis.edu.kz](mailto:zhamelov_b@fmsh.nis.edu.kz)

Түркістан, Қазақстан Республикасы

<sup>3</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы. Шымкент қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [khazretali.tursun@ayu.edu.kz](mailto:khazretali.tursun@ayu.edu.kz)

## ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ЖӘНЕ «АҚ ЖОЛ» ГАЗЕТИ

### Аңдатпа

Мақалада «ұлттық идея» және «мемлекеттік идея» ұғымдары қатар қолданылады. Осы екі ұғымның арақатынасы нақтылауды қажет етеді. Көпұлтты болып қалыптасқан Ресей сияқты елдерде ұлттық идея дегеніміз этникалық мағынаны білдірмейді. Ал моноұлттық болып қалыптасқан қазақ қоғамы үшін «ұлттық идея» мемлекет қалыптастырушы қазақ ұлтының мүддесіне барынша жақын. Бұл жағдай, әсіресе, ХХ ғ. бас кезіндегі қазақ ұлттық бірегейлігінің орнығуы кезеңіне тән болатын. Түркістан Республикасында Орталық биліктің баспасөз органы болып жарық көрген (1920-1925 жж.) «Ақ жол» газеті ұлттық идеяны насихаттаушы ғана емес, оны қалыптастырушылық қызметін де атқарған еді. Мақала осы тарихи құбылысқа баға беруге арналады.

Кеңестік билік кезеңінде қалыптасқан көпэтностық қауымдастық бұл ұғымға жаңа мазмұн беріп, қазіргі кезеңде ұлттық идея ұғымы мемлекеттік идеяға ұласты Тар этникалық ауқымнан шығып, әлеуметтік-мәдени мәнге ие болды.

**Кілтті сөздер:** ұлттық және мемлекеттік идея, ұлттық идея қызметі, ұлттық бірегейлік, messiанизм, «Ақ жол» газеті, Түркістандағы этносаяси үдерістер, ұлттық-территориялық межелеу.

Дюсембаева Ж.<sup>1</sup> \*, Жамелов Б.А.<sup>2</sup>, Тұрсун Х.М.<sup>3</sup>

<sup>1</sup> докторант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.

E-mail: [kzhadyra@gmail.com](mailto:kzhadyra@gmail.com), Шымкент, Республика Казахстан

<sup>2</sup> докторант казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави.

E-mail: [zhamelov\\_b@fmsh.nis.edu.kz](mailto:zhamelov_b@fmsh.nis.edu.kz), Туркестан, Республика Казахстан

<sup>3</sup> профессор казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави, доктор исторических наук.

E-mail: [khazretali.tursun@ayu.edu.kz](mailto:khazretali.tursun@ayu.edu.kz), Туркестан, Республика Казахстан